

Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың Республикалық дебеттық турнирі негізінде Шымкент қаласының Білім басқармасына қарасты

С.Нұрмағамбетов атындағы №72жалпы орта білім беретін мектебінде 8,9,10 сынып оқушылары арасында «Альтаир» дебат клубы құрылып, мүшелері сайланды.

Ережелерді сақтай отырып , әр топта 2 оқушының болуы , сөйлеу мәдениетін сақтай отырып, шыдамдылық, шындық , сыйластық.

Мақсаты:Оқушылардың білімдерін жинақтап, тереңдету, қызығушылықтарын арттыру, шапшаңдыққа баулу, белсенділіктерін арттыру. Топпен жұмыс істей отырып, өзгенің пікірін құрметтеуге ұйымшылдыққа баулу.

Турнирдің міндеттері:

- Білім алушылардың жалпы мәдени ой-өрісін кеңейту, оқушылар арасындағы академиялық білім деңгейін көтеру, білім алушылардың шешендік сөйлеу өнері дағдыларын және сендіру әдістерін қалыптастыру, зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін, зерттеу, ұйымдастыру дағдыларын, коммуникативтік біліктерін дамыту;

- қазақстандық қоғамда орын алған өзекті мәселелі жағдайларды талдау мен көпшілік алдында талқылау арқылы білім алушылардың позитивті, сыни ойлауын, жүйелі талдау дағдыларын, өз көзқарастарын, нақты мәселелерді шешу жолдары мен тетіктерін табу, дәлелдеме жасау өнерін қалыптастыру, парламенттік мәдениет элементтерін дамыту;

- оқушылардың демократиялық қоғамдағы азаматтық көзқарастары мен өмір сүру дағдыларын қалыптастыру, отансүйгіштік сезімін тәрбиелеу, туған өлкенің, елдің мәселелерін талқылау мен шешудегі жауапкершілік, қатыстылық сезімін қалыптастыру.

**Сағадат Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім
беретін мектебі**

ХАТТАМА

«Альтаир» дебат клубының отырысы

Төрайымы: Кенже Тұлғаталпын

Қатысқандар: 17 («АЛЬТАИР» дебат клубының мүшелері, жастар ісі жөніндегі маманы, директордың тәрбие ісі жөніндегі маманы)

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

1.«Альтаирт» дебат клубының ережелерімен танысу.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қосымша білім беру педагогы Г.П. Жуманова сөз алып, «Альтаир» дебат клубы - бұл белгілі бір ережелерге сәйкес өткізілетін арнайы пікірталас нысаны ретінде 15.02.2021 жылдан бастап мектепте құрылғандығы туралы айтты. Оқушылардың шешендік шеберліктерін, көшбасшылық қасиеттері мен ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту үшін ерікті түрде құрылған оқушылардың қоғамдық ұйымы екенін айтып, мақсат-міндеттерімен таныстырды.

Сөйлегендер: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары –Г.Т.Құрманбай өз сөзінде «Альтаир» дебат клубының оқушыларының көшбасшылық дағдыларын дамытуға, сыни және шығаршалық тұрғыдан ойлауға қабілетті, әлеуметтік жетілуіне көмегі зор екендігін айтып өтті. Сонымен қатар «Альтаир» дебат клубының мүшелерін төмендегідей атап өтті.

№	Аты-жөні	сыныбы
1	Кенже Тұлғаталпын	10 «А»
2	Тұрғанбек Ақниет Орынбасарқызы	10 «Б»
3	Тохтамет Бекзат Берікұлы	9 «Б»
4	Ерсінбек Айсауле Серікқызы	9 «Б»
5	Тәліпбек Қарақат Нұржанқызы	10 «Г»
6	Ануарова Назерке Рахымжанқызы	9 «А»
7	Ақбалаева Адель Асқарқызы	9 «Қ»
8	Әбдіәшім Шұғыла Мұхтарқызы	9 «А»
9	Шилдебаева Айзере Нұржанқызы	9 «И»
10	Тілемісова Орынгүл Құлажанқызы	11 «А»
11	Әміре Томирис	10 «Д»
12	Оразбек Анель Ануарбекқызы	11 «Ә»
13	Абдралиева Жансая Бауыржанқызы	9 «И»
14	Бегалы Бекжан Пірәліұлы	9 «Е»
15	Бақытжан Ұлар Бағдатқызы	9 «Қ»
16	Алтай Мархабат Ерланқызы	10 «Г»
17	Жорабаева Сәуле	10 «Б»

Қаулы етті:

1. «Альтаир» дебат клубының отырыстары жылдың соңына дейін жалғасын табатын болады.

2. Алдағы уақытта жоспардан тыс мектеп оқушылары арасында пікірталас турнирлер өткізілсін.

Хатшы

Жуманова Г.П.

**Сағадат Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім
беретін мектебі**

ХАТТАМА

«Альтаир» дебат клубының отырысы

Төрайымы: Кенже Тұлғаталпын

Қатысқандар: «АЛЬТАИР» дебат клубының мүшелері

Күн тәртібінде

1. Компьютерде жұмыс істеу : балалар үшін пайдалы немесе зиян деп есептейді.
2. Ойталқы. Көрермендер пікірі
3. Төреші қорытындысы

Білім алушылардың жалпы мәдени ой-өрісін кеңейту, оқушылар арасындағы академиялық білім деңгейін көтеру, білім алушылардың шешендік сөйлеу өнері дағдыларын және сендіру әдістерін қалыптастыру, зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін, зерттеу, ұйымдастыру дағдыларын, коммуникативтік біліктерін дамыту;

- қазақстандық қоғамда орын алған өзекті мәселелі жағдайларды талдау мен көпшілік алдында талқылау арқылы білім алушылардың позитивті, сыни ойлауын, жүйелі талдау дағдыларын, өз көзқарастарын, нақты мәселелерді шешу жолдары мен тетіктерін табу, дәлелдеме жасау өнерін қалыптастыру, парламенттік мәдениет элементтерін дамыту;

- Оқушылардың демократиялық қоғамдағы азаматтық көзқарастары мен өмір сүру дағдыларын қалыптастыру, отансүйгіштік сезімін тәрбиелеу, туған өлкенің, елдің мәселелерін талқылау мен шешудегі жауапкершілік, қатыстылық сезімін қалыптастыру

1 мәселе бойынша 9 сынып оқушысы Бегалы Бекжан Пірәліұлы сөз алып: Көптеген тұтынушылар компьютердің бірсыпыра өте пайдалы мүмкіндіктері бар екендігіне көздерін жеткізді. Ол мәтін теру, әр түрлі есептер шығару, көлемді мәліметтер сақтаумен қатар көңіл көтеру мақсатында да қолданыла береді. Қажетті құрылғылармен және соларға сәйкес программалармен жабдықталған компьютер музыкалық орталыққа айналып, сүйікті саздарыңызды тыңдай отырып дем алуыңызды қамтамасыз ете алады деп ойын білдірді. 2 мәселе бойынша Әбдіәшім Шұғыла Мұхтарқызы Жұмыс істеп тұрған компьютер өз айналасында толқын ұзындығы 1,5м болатын электромагниттік өріс құрайды, сол өріс аясында түскен адам зиянды ультракүлгін сәуле әсеріне ұшырайды. Осындай сәулелердің тағы да басқа шығар көздері болып ұялы телефондар, микротолқынды пештер, теледидар және радиоқабылдағыштар саналады. Осындай құралдарды компьютер тұрған жұмыс бөлмесіне орналастырып, оларды пайдалану дұрыс емес, өйткені барлығының да адамға тигізетін әсері қосыла отырып, жалпы зияны артады. Ал олардың денсаулыққа тигізетін зиянды әсері радиация тәрізді бірте-бірте қосыла келе көбиіп отырады. Компьютер алдында ұзақ отырғанда, көбінесе оның адамның нерв жүйесіне әсер етуі басым болады. Ауру бірден басталмайды. Бірте-бірте шаршау сезімі жиі пайда болып, адамның ашуланшақ болуы байқалады. Есте сақтау қабілеті нашарлап, өмірге деген қызығушылығы азаяды деп өз ойын атап өтті.

Шешім:

1. Пікірсайыс төреші шешімі бойынша Әбдіәшім Шұғыла Мұхтарқызы аргументі нақты айтылып жеңіске жетілді.
2. Ал, Бегалы Бекжан Пірәліұлы өз ойын толықтырып аргументтер нақты дәлелмен айтылсын.

Хатшы: Г.П.

Жуманова

**Сағадат Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім
беретін мектебі**

ХАТТАМА

«Альтаир» дебат клубының отырысы

Төрайымы: Кенже Тұлғаталпын

Қатысқандар: «АЛЬТАИР» дебат клубының мүшелері

Күн тәртібінде

1. Кітап ақпарат ғасырында өз маңыздылығын жоғалтады ма?
2. Ойталқы. Көрермендер пікірі
3. Төреші қорытындысы

Оқушылардың демократиялық қоғамдағы азаматтық көзқарастары мен өмір сүру дағдыларын қалыптастыру, отансүйгіштік сезімін тәрбиелеу, туған өлкенің, елдің мәселелерін талқылау мен шешудегі жауапкершілік, қатыстылық сезімін қалыптастыру

1 мәселе бойынша 10 «Д» сынып оқушысы Әміре Томирис және Абдралиева Жансая Бауыржанқызы «Кенже фракциясы» ойынша кітап ақылына ақы сұрамайтын ең құнды қазына" деген екен түркі жұртының ұлы ақыны, ойшыл Әлішер Науаи. Расында қай ғасырда да кітаптың алатын орны бөлек. Кітап кемелденуге көмектеседі. Қаншама технологиялар шығып жатыр. Бірақ бұлардың бәрі кітапты алмастыра алмасы анық.

Ия,қазір технология заманы.Барлығы дамып кеткен.Адамдардың кітап оқу деңгейі едәуір төмендеген. Алайда бұл кітап маңыздылығын жоғалтты деген сөз емес. Қазір де кітаптың маңызы бар. Оған бір мысал:"Қазақстанның Қызыл кітабы";" Конституция" кітаптары

Олардың маңызы өте зор деп өз ойларын жеткізді. Ал екінші фракция «Адель» бойынша Қазіргі заманда адамдар мен қоғам арасындағы мәселе, жаңа техникалық әрі заманауи құжаттармен беріледі. Яғни,осы пікірдің қоғамдағы әсеріне,ақпаратты интернеттен тез таба алуға болатынымен келісемін. Әрине де,ол аса уақытты қажет етпейді,және мыңдаған дәлелдер мен мәселелер,ақпараттарды бір минутта да таба алуға болады. Бірақ та,бізді ата-бабамыз жастан үйреткендей ,күш-білімде,ал білім кітапта.Біз кітапты қастерлеуіміз керекпіз. Ал кітапханалардың сирек қалуын болдырмау керек. Мүмкін де, шамалы да болса адамдар кітапханаға бара алады,одан өзіне қатысты ақпаратты іздей алады,онымен де келісемін. Кітапханада сан алуан кітаптар мен жинақтар толып жатыр,ол жерде ақпарат нақты әрі толық болады,себебі, кей-кезде интернетте ақпарат алу тез және ыңғайлы деп өз ойлан толықтырып кетті.

Төреші Кенже Тұлғаталпын екі фракцияның аргументтерін сараптап, өз ойын толықтырып кетті. Төреші жеңісті ең жақсы пікірсайыстырған, презентация мен дәйектері сенімді шықты деп тапқан Адель фракциясына жеңісін береді. Кең және барлығын шарпып алатын критерий болу керектігіне қарамастан, төреші назар аударатын бағалаудың нақтылы аймақтары бар.

Шешім:

1. Пікірсайыс төреші шешімі бойынша Адель фракциясы аргументі нақты айтылып жеңіске жетілді.
2. Ал, Кенже фракциясы өз ойын толықтырып аргументтер жеткіліксіз және толықтырылсын деп шешті.

Хатшы

Жуманова Г.П.

**Сағадат Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім
беретін мектебі**

ХАТТАМА

«Альтаир» дебат клубының отырысы

Төрайымы: Оразбек Анель

Қатысқандар: «АЛЬТАИР» дебат клубының мүшелері

Күн тәртібінде

1. Көп тілде білім алған оқушы жан-жақты мәдениетті тұлға бола алады?
2. Ойталқы. Көрермендер пікірі
3. Төреші қорытындысы

Оқушылардың демократиялық қоғамдағы азаматтық көзқарастары мен өмір сүру дағдыларын қалыптастыру, отансүйгіштік сезімін тәрбиелеу, туған өлкенің, елдің мәселелерін талқылау мен шешудегі жауапкершілік, қатыстылық сезімін қалыптастыру

1 мәселе бойынша үкімет фракциясы көптілді оқыту білім берудің қоршаған әлемде болып жатқан үдемелі өзгерістерге бейімделгіштігін күшейтетін лингвистикалық біліктілігі жоғары дамыған, бәсекеге қабілетті жас жеткіншектердің қалыптасуына септігін тигізетін тұжырымдамалық тұрғыдан жаңа үлгісін құруды көздейді. Осы орайда үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) бірдей оқытуды білдіретін көптілді оқыту бағдарламасының бірегейлігін атап өту керек. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Ғасырлар тоғысында» атты еңбегінде «Тәрбиенің түп мақсаты қоғамның нарықтық қарым-қатынасқа көшу кезінде саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, ізгіленген ХХІ ғасырды құрушы, іскер өмірге икемделген жан-жақты мәдениетті жеке тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру» деген тұжырым жасады. Жаһандану дәуірі кезеңінде замана көшінен қалмай, үш тілдің үйлесіміне қол жеткізу арқылы тілімізді, дінімізді, дәстүрімізді, салт-ғұрпымызды сақтап қала аламыз, жаңғырта аламыз. Бүгінгі таңда білім ошақтарының алдында отырған басты мақсаттарының бірі – білімді де білікті шығармашыл тұлға қалыптастыру. Оқушылардың ақыл-ой қабілеттері мен мінез-құлық сапаларын әлемдік және ұлттық психология негізінде дамыту деп есептейді. Ал, оппозиция тарапынан Қазіргі таңда сөздің қадіріне жетуді, қазақ тілінің тазалығын сақтауды назардан тыс қалдырып жүргендейміз. Бірқатар жұрттың қазақша сөйлегеніне разы боламыз да, тілді оңды-солды қойыртпақтауына кейде кешіріммен қарай саламыз. Түптеп келгенде, тілді шұбарлау оны білмеуден де қатерлі. Бүгінгі күні жаһандану дегенді алға тартқан ірі державалар өз саясаттары мен дәстүрлерін сөз саптауларымен, түрлі атауларымен қоса қажымай-талмай тықпалап жатыр. Мұндай жағдайда біз жердің бүтіндігі үшін шекарамызды қалай күзетсек, ана тіліміздің тазалығына да дәл солай қырағылық танытуымыз керек.

Әсіресе, балаларды балабақшадан, мектептен бастап, ең алдымен, өз ана тілінің қаймағын бұзбай, таза сөйлеулеріне баулудың маңызы айтарлықтай. Қазіргі күні ЖОО қазақ топтарында білім алып жатқан студенттер, қазақ мектебінде оқитын, тәуелсіздік жылдарында дүниеге келген жастар мен жасөспірімдер сабақтан тыс уақытта өзара орысша сөйлеседі. Таяу болашақта ана тілімізден мүлде көз жазып қалуымызға осының өзі жетіп жатыр. Енді, осы қасірет аз болғандай еліміздің ресми органдары «үштұғырлы тіл» дегенді желеу етіп, «Әлем тарихы» секілді кейбір пәндерді қазақ мектептерінің өзіне орысша оқытпақ. Егер біздің ұрпақ әлем елдеріне Ресейдің

терезесінен карап, дүниежүзінен тек орысша мәлімет алатын болса, онда тілдің де, елдің де болашағы жоқ деген сөз.

Онсыз да әлем тұтасуға бет алған бүгінгі күні ғылым мен технологияның жетілдіріле түсуіне орай тың жаңалықтар көп ашылып, өмірге дендеп еніп жатыр. Сонымен бірге жаңа атаулар, шет тіліндегі түрлі сөздер де тілімізге ентелей еніп жатқанда, ана тіліміздің тазалығына бұрынғыдан да сақ әрі аса жауапты болуымыз талап етіліп отыр. Ол үшін «тау қопарып, тас үгітудің» қажеті шамалы. Ең бастысы, әрбір қандасымыз шет тілінен енген атаулардың қазақша баламасын біліп, соны тұрақты қолданса да жетіп жатыр. Ешбір қажеттілігі жоқ жерге шет тілінің терминдерін тықпаламасақ, тіліміздің шұбарланбауына соның өзі біздің қосқан қомақты үлесіміз болар еді.

Төреші Оразбек Анель екі фракцияның аргументтерін сараптап, өз ойын толықтырып кетті. Төреші жеңісті ең жақсы пікірсайыстырған, презентация мен дәйектері сенімді шықты деп тапқан Оппозиция фракциясына жеңісін береді. Кең және барлығын шарпып алатын критерий болу керектігіне қарамастан, төреші назар аударатын бағалаудың нақтылы аймақтары бар.

1. Пікірсайыс төреші шешімі бойынша оппозиция фракциясы аргументі нақты айтылып жеңіске жетілді. Аргументтері нақы және дәлелмен көрсетілді.
2. Ал, Үкімет фракциясына өз ойын толықтырып аргументтер жеткіліксіз және толықтырылсын деп шешті.

Хатшы

Жуманова Г.П.

